

Баянауыл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жою деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 наурыздағы № 80/14 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 наурызда № 5408 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Баянауыл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері, жоспар мен бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихатының хатшысы

А. Сартаева

Т. Қасен

Баянауыл аудандық
мәслихатының 2017
жылғы 07 наурыздағы
№ 80/14 шешіміне
қосымша

Баянауыл аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 4869 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 3 санында және 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 4 санында жарияланған);

2. Баянауыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 ақпандағы "Баянауыл аудандық мәслихатының (V сайланған кезекті LII сессия) 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 322/52 "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 333/55 шешімі (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 4937 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2016 жылғы 11 наурыздағы № 11 санында және 2016 жылғы 18 наурыздағы № 12 санында жарияланған);

3. Баянауыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі "Баянауыл аудандық мәслихатының (V сайланған кезекті LII сессия) 2015 жылғы 24 желтоқсандағы " Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 10/02 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 5 сәуірде № 5047 болып тіркелген, "Баянтау " аудандық газетінде 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 16 санында жарияланған);

4. Баянауыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 5 мамырдағы "Баянауыл аудандық мәслихатының (V сайланған кезекті LII сессия) 2015 жылғы 24 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 16/03 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 16 мамырда № 5120 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2016 жылғы 27 мамырдағы № 22 санында және 2016 жылғы 3 маусымдағы № 23 санында жарияланған);

5. Баянауыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі "Баянауыл аудандық мәслихатының (V сайланған кезекті LII сессия) 2015 жылғы 24 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы № 24/05 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 4 тамызда № 5192 болып тіркелген , "Баянтау" аудандық газетінде 2016 жылғы 19 тамызда № 34 санында жарияланған);

6. Баянауыл аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 7 қыркүйектегі "Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы " № 36/09 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 15 қыркүйекте № 5236 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 39 санында жарияланған);

7. Баянауыл аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 28 қарашадағы "Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы " № 50/11 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 30 қарашада № 5283 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 50 санында жарияланған);

8. Баянауыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы "Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының 2016 - 2018 жылдарға арналған бюджеті туралы" № 322/52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы " № 64/12 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 22 желтоқсанда № 5302 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2016

жылғы 30 желтоқсандағы № 53 санында жарияланған);

9. Баянауыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қыркүйектегі "Баянауыл ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы" № 204/37 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 23 қыркүйекте № 4030 болып тіркелген, "Баянтау" аудандық газетінде 2014 жылғы 10 қазандағы № 41 санында жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК